

Алматы қаласында сумен қамту және канализацияның инженерлік коммуникация жүйелерін күтіп ұстау ережесін бекіту туралы

Күші жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XI сессиясының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 120 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 14 тамызда N 784 тіркелді. Қолданысы 2015 жылғы 1 қазанға дейін тоқтатылды - Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 17 наурыздағы № 318 шешімімен. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы № 377 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 16.10.2015 № 377 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Шешімнің қолданысы 01.01.2015 дейін тоқтатылды - Алматы қаласы мәслихатының 24.04.2014 № 223 шешімімен.

Шешімнің қолданысы 01.10.2015 дейін тоқтатылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.03.2015 № 318 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 22 бабы 1 тармағының 3 тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15 тармақшасына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласында сумен қамту және канализацияның инженерлік коммуникация жүйелерін күтіп ұстау ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалақұрылысы, көріктендіру және коммуналдық меншік жөніндегі тұрақты комиссияға (О.Ю. Нам) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.С.Сманқұловқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының төрағасы *Т. Есполов*

IV сайланған Алматы

қаласы мәслихатының

Т. Мұқашев

хатшысы

IV

сайланған

Алматы

қаласы

мәслихаты

XI

сессиясының

2008

жылғы

2

шілдедегі

N 120 шешімімен бекітілді

Алматы қаласы сумен қамту және канализацияның инженерлік коммуникация жүйелерін күтіп ұстау ережелері 1 Тарау. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласындағы сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерін күтіп ұстаудың осы Ережесі (әрі қарай Ереже) Қазақстан Республикасы Су кодексіне, Қазақстан Республикасы Экология кодексіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, ҚР "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" Заңына, 1.04.-11-2002 ҚР РДС елді мекендердің канализация жүйелеріне сарқын суларды қабылдау Ережелеріне және басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

Осы Ереже Алматы қаласы сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерін пайдалану саласындағы су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары мен тұтынушылардың (тапсырысшылардың) арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

2. Осы Ережеде төмендегі түсініктер қолданылды:

1) тұтынушы - заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асырушы, жеке меншігінде, шаруашылық жүргізуінде немесе оралымды басқаруында су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарымен белгіленген тәртіпте су жіберуге (алуға) және (немесе) сарқын суларды қабылдауға (ағызуға) келісім-шарт жасасқан коммуналдық сумен қамтамасыз ету және (немесе) канализация жүйелеріне тікелей қосылған сумен қамтамасыз ету және (немесе) канализация жүйелері, нысандары бар жеке тұлға, заңды тұлға.

Тұтынушылардың қатарына сонымен қатар жеке меншігінде, шаруашылық жүргізуінде немесе оралымды басқаруында тұрғын үй қоры мен инженерлік инфрақұрылым нысандары бар ұйымдар; мемлекеттік (ведомстволық), муниципалдық немесе қоғамдық тұрғын үй қорында тұратын тұрғындарға коммуналдық қызмет көрсетуге өкілетті ұйымдар; серіктестіктер және тұрғын үй қорын басқару құқығы берілген басқа да меншік иелерінің бірлестіктері жатады;

2) апатты жағдай - су тұтыну және су ағызу көлемінің елеулі азаюына не болмаса тоқтап қалуына, ауыз су сапасына немесе қоршаған ортаға, заңды немесе жеке тұлғалардың мүлкіне және тұрғындардың денсаулығына зиян келтіруге әкеліп соғатын коммуналдық сумен қамтамасыз ету, канализация немесе жекелеген құрылыстар, жабдықтар, құрылғылар жүйесінің бүлінуі немесе і с т е н ш ы ғ у ы ;

3) су тұтыну және су ағызу теңгерімі - сумен қамтамасыз етудің барлық көздерінен шығатын іс жүзінде пайдаланылған су көлемі мен бір жыл ішінде ағызылған сарқын сулар көлемі арасындағы қатынас;

4) коммуналдық сумен қамтамасыз ету және канализация (су құбыры кірмесі немесе канализациялық ағытқыш) жүйелеріне қосуға арналған су құбыры және канализациялық құрылғылар мен құрылыстар - тұтынушы коммуналдық сумен қамтамасыз ету жүйелерінен ауыз су алатын және (немесе) коммуналдық канализация жүйесіне сарқынды суларды ағызатын - құрылғы және құрылыстар.

5) су тұтыну - тұтынушының (субтұтынушының) өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін суды пайдалануы;

6) сумен қамтамасыз ету - тұтынушыларға ауыз суды алуды, дайындауды, тасымалдауды және жіберуді қамтамасыз етуші технологиялық үдеріс;

7) су ағызу - тұтынушылардан сарқын суларын қабылдауды, кейіннен оны канализацияның тазарту құрылыстарына жіберуді қамтамасыз етуші т е х н о л о г и я л ы қ ү д е р і с ;

8) су құбыры желісі - сумен қамтамасыз етуге арналған құбырлар мен қ ұ р ы л ы с т а р ж ү й е с і ;

9) су құбыры кірмесі - үлестіру желісінен (ішкі кварталдық) қалалық су құбырына қосу нүктесіндегі құдықпен және жапқыш арматурамен нысан аумағындағы шекке немесе ғимараттың сыртқы қабырғасына дейін шығатын қ ұ б ы р ж е л і с і ;

10) теңгерім тиістілік шегі - меншіктілік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару белгілері бойынша иелерінің өз арасында сумен қамтамасыз ету және (немесе) канализация мен оларға орнатылған құрылыстар жүйесі э л е м е н т т е р і н б ө л у с ы з ы ғ ы ;

11) пайдалану жауапкершілігінің шегі - тараптардың келісімі бойынша орнатылатын сумен қамту және (немесе) канализация жүйелері элементтерін пайдаланғаны үшін міндеттілік (жауапкершілік) белгісі бойынша сумен қамтамасыз ету және (немесе) канализацияны (оларға орнатылған су құбыры және канализациялық желілер мен құрылыстардың) сумен қамтамасыз ету жүйесі элементтерін бөлу сызығы. Мұндай келісім болмаған жағдайда пайдалану жауапкершілігінің шегі теңгерім тиістілік шегі бойынша белгіленеді;

12) тапсырысшы - тұтынушы немесе субтұтынушы болуға ниет білдірген

з а н д ы т ұ л ғ а , ж е к е т ұ л ғ а ;

13) ыстық сумен қамтамасыз етудің жабық жүйесі - жергілікті жылыту құрылғыларынан шығатын ыстық сумен қамтамасыз ету;

14) инженерлік коммуникациялар - қаланың жер үсті және жерасты кеңістігінде орналасқан құрылыстар, оның құрамына: су ағызатын, су құбыры, канализациялық, жылу өткізгіш, коммуникациялық коллекторлар, күштік кабель, байланыс кабелі, бақылау кабельдері, су құбырлары, станциялар, желдеткіш, жылу шашқыш, бойлерлі шахталар мен камералар, құдықтар, терең дренаж, субұрқақтардың жер астындағы бөлігі, көлік жол айрықтарының апаттық шығу жолдары, метрополитен құрылыстары, азаматтық қорғаныстың қорғау құрылыстары, сонымен бірге солармен байланысты жер үсті құрылыстары, оның ішінде трансформаторлық подстанциялар, орталық жылу орындары, жөндеу-пайдалану кешендері, диспетчерлік пункттер және басқа да инженерлік құрылыстар .

15) канализация желісі - сарқын суларды жинау және ағызуға арналған құбырлар, коллекторлар, каналдар және олардың құрылыстар жүйесі;

16) бақылау канализация құдығы - тұтынушының сарқын суларының сынамасын алу және есептеуге арналған құдық, немесе коммуналдық канализация жүйесіне кірер алдындағы тұтынушының канализация желісіндегі с о ң ғ ы қ ұ д ы қ ;

17) бақылау сынамасы - коммуналдық канализация жүйесіне ағызылатын сарқын сулардың құрамын анықтау мақсатымен бақылау канализация құдығынан алынған тұтынушының (субтұтынушының сарқынды суларымен қосқандағы) с а р қ ы н с у л а р ы н ы ң с ы н а м а с ы ;

18) құзыретті орган - жергілікті атқарушы орган;

19) кондоминиум - бірінғай мүліктік кешен (әрі қарай - кондоминиум нысаны) ретіндегі жылжымайтын мүлікке меншіктіліктің ерекше түрі, бұл жағдайда үй-жай азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің бөлінген (жеке) меншігінде болып табылады да, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлестік м е н ш і к т і л і г і н е ж а т а д ы ;

20) зертханалық бақылау - қолданыстағы санитарлық ережелер мен басқа нормативтік құжаттарға сәйкес ауыз су мен сарқын суларға зерттеу жүргізу;

21) жеке орналасқан тазарту құрылыстары - тұтынушының (субтұтынушының) сарқын суларын коммуналдық канализация жүйесіне жіберу (қабылдау) алдында тазартуға арналған құрылыстар мен құрылғылар;

22) рұқсат етілмейтін су ағызу - канализация жүйесіне апат туғызуы немесе апат болдыруы мүмкін, зиян келтіретін, осы жүйенің қалыпты жұмыс істеуін бұзатын және қоршаған ортаның ластануына әкелетін ағызуға тиым салынған с а р қ ы н с у л а р м е н л а с т а у ш ы з а т т а р ;

23) су тұтыну нормалары - Алматы қаласы әкімдігінің есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін су тұтынудың белгілеген көлемі;

24) су ағызу нормативтері немесе су жіберу нормативтері - тиісті нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес орнатылған есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін су ағызу көлемі; канализация жүйелеріне қабылдауға рұқсат етілген және оның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, қоршаған ортаны қорғау мен санитарлық эпидемиологиялық бақылау органдарымен келісілген с а р қ ы н с у л а р д ы ң қ ұ р а м ы ;

25) су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы (қызмет көрсетуші) - сумен қамтамасыз ету жүйесінен су босатуды және (немесе) канализация жүйесіне сарқын суларды қабылдауды жүзеге асырушы және осы жүйелерді пайдаланушы кәсіпорын (ұйым);

26) ыстық сумен қамтамасыз етудің ашық жүйесі - орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінен ыстық сумен қамту;

27) ауыз су - белгіленген санитарлық нормалар мен талаптарға жауап беретін және тұрғындардың ауыз суы мен тұрмыстық қажеттіліктері үшін, тиісті судың сапасын талап ететін азық-түлік өнімдері мен басқа өнім түрлерінің өндірісіне арналған даярлаудан кейінгі немесе табиғи күйдегі су;

28) өлшеу құралдарына салыстыру жүргізу - мемлекеттік метрологиялық қызметтің немесе басқа өкілетті органдардың белгіленген техникалық талаптарға өлшеу құралдарының сәйкестілігін анықтау және бекіту мақсатымен орындайтын о п е р а ц и я л а р ж и ы н т ы ғ ы ;

29) су құбырының (су құбыры кірмесінің) толық өткізу қабілеттілігі - тиісті техникалық нормативтермен белгіленген су құбырының толған кезіндегі суды б е р у ;

30) есептеу құралдарын тексеру - су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы өкілінің есептеу құралының күйін тексеру, техникалық талаптарға сәйкестігін анықтау және бекіту, олардың көрсеткіштерінің есебін алу, сондай - ақ су өлшеу торабындағы (су өлшеу есептеуішінде және орағыту сызығындағы) пломбаның болуын, ақаусыздығын тексеру мақсатымен орындайтын о п е р а ц и я л а р ж и ы н т ы ғ ы ;

31) зиянды заттар қоспасы мөлшері (бұдан әрі- ЗЗҚМ), су бөлу жүйесіне құйылатын тұтынушының өнеркәсіп ағын суларындағы зиянды заттардың жіберілген құрамының шегі;

32) ШРҚ - су нысанына заттардың жол беруге болатын шекті ағылуы - су сапасының нормасын қамтамасыз ету мақсатымен уақыт бірлігінде су нысанының аталмыш тармағында белгіленген режиммен бұруға максималды рұқсат етілетін, қайтымды судағы заттар массасы;

33) техникалық су - өзінің сапасы мен физикалық қасиеттері бойынша

өндірістік - техникалық мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін жер үсті және (немесе)
ж е р а с т ы с у к ө з д е р і н е н а л ы н а т ы н с у ;

34) қосуға арналған құрылғылар немесе құрылыстардың өткізу қабілеттілігі - су құбыры кірмесінің (канализация ағытқышының) белгілі бір уақыт ішінде берілген режим жағдайында судың (сарқынды сулардың) есептік мөлшерін ө т к і з у м ү м к і н д і г і ;

35) рұқсат құжаттамасы - су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымының жергілікті мемсанэпидбақылау және қоршаған ортаны қорғау қызметтерімен келісім бойынша суға және сумен қамту (канализация) жүйелеріне қосылуға берілген рұқсаты және қосылуға берілген техникалық шарттары;

36) су тұтынудың ұтымды нормативі - тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын, оның шығынын нақты қол жеткізу деңгейінде қысқарту жағдайында суды шығындау;

37) ауыз суды жіберу (алу) режимі - тұтынушының қажеттілігі үшін берілген су тұтыну сипатындағы кепілдендірілген шығындау (сағаттық, секундтық) және е р к і н т ү р д е г і с у а р ы н ы ;

38) сарқын сулар - адамның шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесінде және тұтынушылардың сумен қамтамасыз етудің барлық көздерінен (ауыз су, техникалық, ыстық сумен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз етуші ұйымдардан шыққан бу) суды пайдаланудан кейін түзілген сулар;

39) сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелеріне өз бетінше қосылу - рұқсат құжаттамасынсыз, не болмаса техникалық шарттарды бұза отырып қ о с ы л у ;

40) өз бетінше пайдалану - суды жіберуге (алуға) және сарқын суларды қабылдауға (ағызуға) келісім-шарт болмаған жағдайда сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерін пайдалану;

41) сарқын сулар құрамы - ластаушы заттар мен олардың концентрациясының тізімі енгізілген сарқын сулардың сипаты;

42) сарқын суларды нормативтен тыс ағызу - су жіберудің көлемі мен құрамы бойынша белгіленген нормативтен асатын ластаушы заттар мен сарқын суларды а ғ ы з у ;

43) суды лимиттен тыс тұтыну - кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды немесе жеке тұлғаның шаруашылық-ауыз су және өндірістік мұқтаждықтарға белгіленген лимиттен артық тұтынған судың көлемі;

44) өлшеу құралы (аспабы) - мөлшерленген метрологиялық сипатқа ие, физикалық шама бірлігін ұлғайтушы және (немесе) сақтаушы (оның өлшемі белгілі бір уақыт аралығы ішінде, яғни белгіленген қателік шегінде өзгеріссіз қабылданады) және коммерциялық есептеу үшін пайдалануға рұқсат етілген, өлшеуге арналған техникалық құрал;

45) субтұтынушы - тұтынушымен келісім-шарт бойынша су құбыры желілерінен су алатын және (немесе) сарқын суларды су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары тұтынушының канализациялық желілеріне ағызатын тұтынушы;

46) тұтынылатын ауыз су мен ағызылатын сарқын суларды есептеу торабы (есептеу торабы) - тұтынылатын (алынатын) ауыз су мен ағызылатын (қабылданатын) сарқынды сулардың мөлшерін есептеуді қамтамасыз етуші құрылғылар мен құралдар жиынтығы;

47) көшелік сутаратқыш - тікелей су құбыры желісінен ауыз суды бөлуге арналған құрылғы;

48) уәкілетті орган - энергетика және коммуналдық шаруашылық саласындағы міндеттерді атқарушы уәкілетті мемлекеттік орган;

49) орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесі - тұтынушыларға ауыз суды жинау, даярлау, тасымалдау және беруге арналған елді мекендердің инженерлік құрылыстар кешені;

50) орталықтандырылған канализация жүйесі - су нысандарына сарқын суларды жинау, тазарту және бұру, сарқын сулар шөгінділерін өндеуге арналған елді мекендердің инженерлік құрылыстар кешені.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

3. Төтенше жағдайларда сумен қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану тәртібі мемлекеттік стандарт талаптарымен, сонымен қатар төтенше жағдайларда шаруашылық-ауыз су сумен қамтамасыз ету жүйесін даярлау және оның жұмысы жөніндегі нұсқаулармен анықталады.

4. Осы Ереже Алматы қаласының барлық аумағында қолданылады және су құбыры-канализация шаруашылығының барлық ұйымдары үшін, сонымен қатар, ведомстволық тиістілігіне және ұйымдастыру - құқықтық нысанына қарамастан барлық тұтынушылар үшін міндетті.

5. Қаланы сумен қамтамасыз ету жүйесі - тұрғындарды тұрмыстық-шаруашылық сумен қамтамасыз ету, ас өнімдері және тағы басқа өнім түрлері, су сапасына жоғары қажетті өндіріс үшін қолданылады. Техникалық мүмкіншілік бар кезде, ауыз су жүйесі - тұрғындарға өрт сөндіру мақсатына, тұтынушылардың басқа қажеттіліктеріне залалсыз берілуі мүмкін.

6. Орталықтандырылған канализация жүйесі тұрғындардан сарқын суларды қабылдау және оларды тазартуға арналған. Тұтынушыларға канализация жүйесіне өндірістік сарқын суларды ағызуды осы жүйенің техникалық мүмкіндігі мен канализацияның тазарту құрылыстары болған кезде және тұтынушылар үшін сарқын суларды ағызуды нормативтерін белгілеген жағдайда ғана рұқсат етілуі мүмкін.

7. Қала аумағынан және өнеркәсіп алаңдарынан канализация жүйесіне кәріз суы мен беткі сарқын суларды қабылдауға рұқсат етілмейді. Ерекше жағдайларда канализацияның тазарту құрылыстарының техникалық мүмкіндіктері болғанда ғана су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымымен рұқсат етілуі мүмкін.

8. Ереже тұтынушы (тапсырысшы) мен су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарының арасындағы шартта бекітілген жағдайлардағы сумен қамтамасыз ету және су ағызу қызметін көрсету және пайдалану бойынша қарым-қатынастарын реттейді, нысандардың сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелеріне қосылу, суды есептеу құралдарын орнату және пайдалану, суды пайдалану және сарқын суларды қабылдауды есептеу тәртібін, сонымен қатар тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шегін, тұтынушы (тапсырысшы) мен су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарының осы Ереженің талаптарын орындамау немесе тиісті түрде орындамау жауапкершілігін анықтайды.

9. Осы Ережелермен реттелмеген сумен қамтамасыз ету және сарқын суларды қабылдау саласындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң нормаларымен анықталады.

2 Тарау. Су пайдалануды және ағын суларды қабылдауды ұйымдастыру

10. Ауыз суды жіберу (алу) және (немесе) сарқын суларды қабылдау (ағызу) су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары мен тұтынушының арасында жасалған келім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

11. Сумен қамтамасыз ету және канализация желілеріне қосылу заңмен белгіленген тәртіпте рұқсат құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

12. Ауыз су тұрғындарға, сонымен қатар тамақ және басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарының қажеттіліктеріне және өртке қарсы қажеттіліктерге, тұтынушылардың технологиялық қажеттіліктері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Су Кодексінде көзделген ерекше жағдайларда босатылады.

Технологиялық қажеттіліктерге жіберілген судың сапасы "Ауыз су" 2874 -82 МЕМСТ сәйкес келуі тиіс.

13. Су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы ауыз суды Қазақстан Республикасының санитарлық нормалары мен ережелеріне сәйкес жіберуі тиіс.

14. Қалалық сумен қамтамасыз ету жүйесінен ауыз суды пайдалану мынадай жағдайларда:

1) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке және заңды тұлғалар үшін жасыл
желектерді суаруға;

2) барлық тұтынушыларға аумақтарды, жолдарды суаруға жол берілмейді. Суару қажеттіліктері үшін техникалық су немесе қаланың арық желілерінің суы п а й д а л а н ы л а д ы .

Ескерту. 14 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

15. Қалалық канализация жүйелері тұрмыстық сарқын суларды қабылдауға, ағызуға және тазартуға арналған. Алматы қаласының канализация жүйелеріне өндірістік сарқын суларды қабылдауға белгіленген ҚР заң талаптарына сәйкес болған жағдайда, су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарының қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық органдарымен және мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қызмет органымен келіскеннен кейін рұқсат е т і л е д і .

16. Тұрғын үй ғимараттарына жіберілетін су құбыры кірмесін, су құбырының үлестіру ішкікварталдық желілерін, сондай - ақ ұжымдық пайдалануға арналған көшедегі су алатын колонкаларды құрылыс жүргізуші әрі қарай пайдалану үшін су құбыр-канализация шаруашылығы ұйымдарының теңгеріміне береді.

17. Денсаулық сақтау, мектеп, мектепке дейінгі ұйымдардың, жеке құрылыс нысандарының және алаңнан тыс желілердің су құбыры мен канализациялық желілері су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарының теңгеріміне берілуі мүмкін, егер ол қанағаттанарлық жағдайда болса, не болмаса күрделі жөндеуден өткізілгеннен кейін немесе оны жүргізуге жұмсалатын шығын ө т е л г е н ж а ғ д а й д а .

18. Тұтынушы су құбыры және канализациялық желілерді, құрылғылар мен құрылыстарды су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымына өткізіп беру белгіленген тәртіпте, қызмет көрсету үшін келісім - шартқа сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

19. Қалалық су құбырына қосу нүктесінен су алатын колонкаға дейінгі су құбыры желілері құрылғылар мен олардың жабдықтарымен (құдықтар, жапқыш арматура, шығынды өлшеуіш және басқа есептеу құралдары, қысым тұрақтандырғыштар, судың ысырабын анықтағыштар) қоса тұтынушыға тиесілі.

20. Егер жалпыүйлік желілер кондоминиум мүшелерінің ортақ үлестік меншігі болып табылған жағдайда, оларды тиісті техникалық күйде ұстау және қауіпсіздігін қамтамсыз етуді су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары пәтер меншік иелері кооперативімен немесе кондоминиум нысандарын басқаратын басқа заңды немесе жеке тұлғалармен жасалған шарт негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Кондоминиум нысандары су құбыры желілерін пайдалану жауапкершілігін

бөлу шегі жеке тұрғын үй нысандарының, ғимараттардың кірмесіндегі бірінші ысырманың бөлу фланеці, заңды тұлғаларда - су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымдарының қалалық су құбырына қосу жеріндегі жапқыш - ажыратқыш жабдықтың соңғы фланеці болып табылады.

Кондоминиум нысандары канализацияларын пайдалану жауапкершілігін бөлу шегі қалалық канализациялық желілерге қосылған жердегі құдық болып табылады.

Су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымдары мен пәтер меншік иелері кооперативінің арасындағы теңгерім тиістілігінің бөлу шегі тұрғын үйдің сыртқы қабырғасы, ал канализациялық жүйе бойынша - құдықпен жанасқан жердегі кірме болып табылады.

Желілер мен жабдықтарды күтіп-ұстауды меншік иесі жүзеге асырады.

21. Құрылыс салушылардың су құбыры- канализация шаруашылығы ұйымдарының теңгеріміне бермеген су құбыры және канализациялық желілер тұтынушыға тиісті болады және ведомстволық желілер деп аталып, оларға тұтынушы қызмет көрсетеді.

Тұтынушыға тиесілі су құбыры - канализациялық желілер мен нысандарға су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымдары жеке келімі-шарт бойынша пайдаланып, қызмет көрсете алады.

22. Сумен қамтамасыз ету және канализациялардың транзиттік желілерін тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттардың жер төлелері арқылы жүргізуге жол берілмейді.

Ескерту. 22 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

23. Жер телімін бөлген жағдайда меншік иесі немесе жерді пайдаланушы бұрыннан бар коммуникацияларды жер телімнің тыс жерге шығарып тастауға немесе су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымдарының келісімі бойынша желілерді пайдалану және жөндеу үшін инженерлік коридор қалдырады.

Егер су құбыры немесе канализациялық желі су құбыры- канализация шаруашылығы ұйымдарына тиісті болса және олар уақытша немесе тұрақты пайдалануға біреуге берілген жер телімі арқылы салынған болса, онда жер телімің иесі су құбырын пайдалану және қызмет көрсету, осы желілердегі су аққан жерлерді және апатты жою, қажет болған жағдайда желі жер учаскесін ауыстыру үшін су құбыры- канализация шаруашылығы ұйымдарына кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымдары бұзылған көріктендірілген жерді өз қаржысымен толық көлемде қалпына келтіреді.

Ескерту. 23 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

3 Тарау. Су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары мен тұтынушылардың арасындағы қарым-қатынастар

24. Су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары мен тұтынушылардың арасындағы қарым-қатынас келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

25. Тұтынушы (тапсырысшы) су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарымен келісі-шарт жасау үшін келесі құжаттардың көшірмелерін ұ с ы н а д ы :

1) сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелеріне тікелей қосылған (қосылатын) нысандарды, субабоненттер туралы, сонымен қатар тұтынушылар мен субтұтынушылардың сарқын суларын ағызу және су тұтыну көлемдері туралы мәліметтер көрсетілген өтініш;

2) жылжымайтын мүлікке, құрылғылар мен құрылыстарға жеке меншігін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ;

3) қосуға рұқсат беретін құжаттама;

4) сумен қамтамасыз ету және канализация сұлбалары;

5) сұралған шығындарды негіздеумен су тұтыну және су ағызу теңгерімі;

6) нысанды пайдалануға қабылдау туралы Мемлекеттік акт;

7) су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары техникалық комиссиясы берген нысанның техникалық талаптар мен шарттарға сәйкестігі туралы Актісі;

8) ауыз суды ұтымды пайдалану және сарқын суларды ағызуды азайту жөніндегі шаралар жоспары (талап етуі бойынша);

Су құбыры-канализация шаруашылығы осы тармақтың 1-8 тармақшаларында көрсетілген барлық құжаттарды қосымшасымен бірге жазылған өтінішті алғаннан кейін тұтынушыға барлық қажетті құжаттардың өткізілгені және өтініштің қабылданғаны туралы карточка береді және 10 жұмыс күні ішінде тұтынушыға шарттың бекітілгені туралы жазбаша хабарлайды, ал шарт бекітуден бас тартқан жағдайда шарт бекітуден бас тарту себебін негіздеп көрсетеді.

Су құбыры-канализация шаруашылығы тұтынушыға ескертулерді жою үшін у а қ ы т б е р е а л а д ы .

9) т е х н и к а л ы қ ш а р т т а р ;

10) есептегіш құралына арналған техникалық құжаттама.

Ескерту. 25 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

4 Тарау. Нысандарды сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелеріне қосу

26. Келесі жағдайларда тұтынушы су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарынан рұқсат пен техникалық шарттар алады:

1) сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелеріне жаңа нысандарды қосуды кезінде;

2) судың жұмсалуды немесе ағынды судың мөлшері және ондағы бұрын берілген техникалық шарттарда алдын ала келісілген ластану концентрациясының мөлшері ұлғайғанда, сондай-ақ нысанды қайта құру немесе оның қуаттылығын арттыру және қайта профильдендіру кезінде;

3) нысан жаңа иеленушіге көшкенде және тұтынушыға жаңа субтұтынушы қосылған кезде.

Барлық көрсетілген жағдайларда тұтынушы тұрғындардың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығы мен қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша уәкілетті органдардың белгіленген тәртіптегі келісімін алуы керек.

Ескерту. 26 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

27. Суды айырушы арматураның санын және су өлшеуіш тораптың байлауы мен сұлбасын өзгерту, есептеу құралдарын ауыстыру су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымдарының рұқсатымен жүргізіледі.

28. Су құбыры және канализация жүйелеріне қосылу үшін техникалық шарттар беру немесе бұрын берілген техникалық шарттарды өзгерту нормативтік құқықтық актілер мен уәкілетті орган бекіткен су құбыры және канализация шаруашылығының регламентіне сәйкес жүргізіледі.

29. Су құбыры және канализация ұйымдары тапсырыс берушінің жаңа нысандарды салу немесе суды тұтынудың қолданыстағы қуаттылығын ұлғайту барысында қалалық су құбыры және канализация желілеріне қосылуы кезінде келісім-шартқа сәйкес қызмет көрсетуді пайдаланатын басқа да тұтынушыларды сумен қамтамасыз ету және суды қайтару сапасына кері әсерін тигізбейтіндей мүмкіндігі болмаған жағдайда оларға келісім бермеуге құқылы.

30. Су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымдары елді мекенді сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерін дамытуға тұтынушының үлестік қатысуымен елді мекеннің су құбыры және канализация желілерін дамытуға техникалық шарттарды бере алады.

31. Су құбырын кіргізу және канализация шығаруды жобалау қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

32. Құрылыс үрдісі кезінде жобалық шешімдерге енгізілген барлық өзгертулер және су құбыры мен канализация желілеріне қосуға берілген техникалық шарттардан ауытқулар орын алған жағдайларда су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымымен қосымша келісім жасалады.

33. Қалалық желілерге қосылар алдындағы су құбырлары мен канализация жүргізуді қайта құру жұмыстары су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымының техникалық қадағалауымен, сондай-ақ иеленушінің өз күші және қаражаты есебінен жүргізіледі.

34. Су құбыры құрылғылары мен құрылыстары пайдалануға берілер алдында оларды қолданыстағы санитарлық - эпидемиялық ережелер мен нормаларға сәйкес шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Жаңадан қосылатын нысандардың су құбыры желілеріндегі судың сапасына зертханалық бақылау аккредиттелген зертханаларда, немесе көрсетілген жұмыс түріне лицензиясы бар басқа зертханаларда нысан иесінің есебінен жүргізіледі.

35. Қалалық желілерге қосқанға дейін су құбыры құрылғыларын шайып - залалсыздандыруды су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымы өкілінің қатысуымен құрылыс ұйымдары жүргізеді. Салынған су құбыры құрылғыларын жууға, залалсыздандыруға және қосуға жұмсалатын шығындар құрылыс сметасына енгізілуі керек.

Есептеу құралдары болмаған жағдайда су құбыры құрылғыларын шаюға, залалсыздандыруға жұмсалатын судың мөлшері шайылатын су құбырларындағы судың іс жүзінде өткізу қабілеті бойынша, ал болған жағдайда су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымы тіркеген есептеу құралының көрсеткіштері бойынша анықталады.

Ескерту. 35 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

36. Сумен жабдықтау және канализация жүйелеріне жаңадан салынған су құбыры - канализациялық желілер және құрылыстарды қосу жұмыстарын су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымы немесе тапсырыс берушінің қаржысы есебінен су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымының техникалық қадағалауымен арнайы мекеме жүргізеді. Сумен жабдықтау және канализация жүйелеріне қосылу тәртібі тиісті нұсқаулықтармен реттеледі.

37. Тапсырыс берушінің қолданыстағы сумен қамтамасыз ету жүйесіне қосылуына және шарт жасасқаннан кейін пайдалануға беруге рұқсат ететін құжаттар :

1) салынған су құбыры желілері мен құрылыстарды залалсыздандыру жұмыстары жүргізілгені туралы актісі;

2) осы желілердегі ауыз суының сапасы бойынша тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет көрсету органының санитарлық-эпидемиологиялық тұжырымдамасы болып табылады.

Ұйымның залалсыздандыру жұмыстарын жүргізгені туралы актіге су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымдарының, тапсырыс берушінің, тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет көрсету

органдарының өкілдері қол қояды.

38. Ұсынылған жүйені техникалық куәлендіру актісі бойынша барлық айқындалған кемшіліктерді жойғаннан кейін және салушылар су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдарынан пайдалануға беру туралы анықтама алғаннан кейін тұтынушы су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымына сумен жабдықтау және канализация жүйелеріне қосылуға, осы Ережеге сәйкес шарт жасасуға өтініш береді.

39. Салынған су құбыры мен канализация желілерін және құрылыстарды пайдалануға беру суды пайдалануға шарт жасасқаннан кейін тапсырыс берушінің, құрылыс ұйымдары мен су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымдары өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

40. Су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымының теңгеріміне өткізгенге дейін құрылыс жүргізуші жаңадан салынған су құбыры және канализациялық желілер мен құрылыстардың техникалық күйі мен қалыпты жұмысына жауапты болады, барлық айқындалған техникалық ақауларды өз есебінен жоюды.

41. Елді мекендердің қолданыстағы сумен жабдықтау және канализация жүйелеріне өз бетімен қосылуына, сондай - ақ өз бетімен қосуға арналаған құрылғылар мен құрылыстар салуына жол берілмейді.

Өз бетімен қосылуға:

1) су құбыры мен канализацияларға қосылу, немесе оларды белгіленген тәртіп бойынша пайдалануға бергенге дейін қолдану;

2) жобасыз немесе жобаға су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының келісімінсіз, оның техникалық қадағалауынсыз салынған су құбыры мен канализациялар, сондай - ақ қолданыстағы сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерін, соның ішінде суөлшеуіш тораптарды қайта жабдықтау, су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының рұқсатынсыз есептеу құралдарын ауыстыру немесе алып тастау жұмыстары жатады.

Ескерту. 41 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

42. Су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының өкілі өз бетімен және қосымша қосылуларды анықтаған жағдайда екі дана актіні рәсімдейді, оның біреуі жүйеге өз бетімен қосылған иеленушіге немесе қосымша қосылуларды қызмет көрсетушімен келіспеген тұтынушыға беріледі.

Иеленуші немесе тұтынушы актінің мазмұнымен келіспеген жағдайда, өзінің қойылған талаптары бойынша қарсылығын көрсетіп актіге қол қояды. Тұтынушы өкілі көрсетілген актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымының өкілі актіге өзі қол қояды. Тұтынушы немесе иеленушіге өз бетімен қосылудың анықталғаны жөнінде

43. Өз бетімен қосылу анықталғанда олар сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерінен дереу ажыратылып, тұтынушыға суды ағызғаны және суды жұмсағаны үшін төленетін шот ұсынылады, шот төлемі суды өз бетінше пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін су құбырының толық өткізу қабілеті есебінен шығарылып есептеледі.

Егер өз бетімен қосылу мерзімін анықтау мүмкін болмаса, онда су құбыры және канализацияны өз бетімен пайдалану кезеңі соңғы тексеру мерзімінен бастап, бір жылдан артық емес, уақыт қабылданады.

44. Тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қызмет көрсету органымен және су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымымен келісілген жоба бойынша ғимараттардың жоғары қабаттарын сумен жабдықтауға арналған су құбыры желілерінде су қысымы жеткіліксіз болған жағдайда судың арынын жоғарылатуға арналған сорғыларды орнату қарастырылады.

Егер сорғы қондырғыларының жұмысы кезінде елді мекеннің су желілеріндегі судың арыны төмендейтін болса, тапсырыс беруші өз есебінен осы сорғы қондырғысының жұмысын қамтамасыз етуге арналған аралық резервуар тұрғызады.

Резервуар мен сорғы станцияларының жобасы су құбыры- канализация шаруашылығы ұйымы және аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарымен келісіліп, тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қызмет органының санитарлық - эпидемиологиялық тұжырымдамасына сәйкес болуы керек.

Желілердегі су арынын жоғарылатуға арналған сорғыны іске қосу сыртқы су құбыры желілерін гидравликалық соққылардан қорғауды қамтамасыз ету талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

Әдетте су арынды бактардың құрылғысына рұқсат етілмейді. Олар су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының рұқсатымен және судың сапасын сақтау және күтіп-ұстау бойынша санитарлық - эпидемиологиялық талаптары толығымен қамтамасыз етілген жағдайда және тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қызмет органының құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес санитарлық - эпидемиологиялық тұжырымдамасын алғаннан кейін ғана орнатылады.

Су арынды бактар жылына екі реттен кем емес және тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қызмет органының ұсынысы бойынша жоспардан тыс (бактериологиялық көрсеткіштер бойынша ауыз су сапасының нашарлауы жағдайында) иеленушінің есебінен тазартылып, залалсыздандырылуы керек.

Су арынды бактары бар су құбыры желілерінің иелері тоқсанына бір реттен кем емес тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қызмет органы зертханаларының күшімен шарт бойынша бактардағы суға талдау жүргізеді.

Су арынды бактар тұрған үй-жайлар жабық болуы керек, ал оның кілттері оның күйі мен бүтіндігіне жауап беретін тұлғаларда сақталады.

Тұтынушының сумен қамтамасыз ету жүйелеріндегі су сапасының қолданыстағы санитарлық - эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкессіздігі, тиісті аумақтағы және санитарлық - эпидемиологиялық қызмет көрсету мемлекеттік органының және осы Ережелер талаптарын орындамау себебі бойынша жауапкершілікті тұтынушы көтереді.

Ескерту. 44 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

5 Тарау. Субтұтынушыларды қосу

45. Субтұтынушыны тұтынушының су құбыры және (немесе) канализация жүйелеріне келесі жағдайларда қосу мүмкін болады:

- 1) Тұтынушымен қосылуға келісу;
- 2) су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымымен қосу жобасын келісу;
- 3) құзыретті органның тұжырымдамасы бойынша егер қосу негізгі тұтынушының сумен қамтамасыз ету және канализация жүйесінің жұмысын нашарлатпайтын болса;
- 4) су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының техникалық талаптарын орындағанда;

46. Тұтынушы су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымының рұқсатынсыз субтұтынушыға су беруді тоқтата алмайды.

Субтұтынушының тұтынушы желісіне өз бетімен қосылуы анықталған жағдайда, соңғысы ол жөнінде міндетті түрде тез арада су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымын ескертуі керек. Олай болмаған жағдайда тұтынушы жауап береді, оған су құбыры -канализация шаруашылығы ұйымы мен басқа ұйымдарға келтірілген барлық шығындарды, сонымен қатар өз бетімен қосылу салдарынан болған апатты жағдайлар кезінде туындаған зиянды өтеу жүктеледі.

Тұтынушылар мен субтұтынушылардың арасындағы даулар су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымында қаралмайды және ол Қазақстан Республикасының сот органдарында заңда белгіленген тәртіппен қарастырылады.

Ескерту. 46 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

47. Көрші нысанның аумағы арқылы су құбырын жүргізу және канализация шығарудың транзиттік желілерін төсеу оның иесінің келісімі мен су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымының рұқсатымен жүзеге асырылады.

6 Тарау. Су құбыры жүйесінен жіберілген су және канализация жүйесіне қабылданған сарқын судың көлемін есептеу

48. Тұтынушыларда су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымымен суды пайдаланғаны үшін есеп айырысуға арналған судың жұмсалуды есептеу құралдары болуы керек.

Жаңа нысандарды су құбыры желілеріне кірмедегі есептеу құралынсыз қосуға болмайды.

49. Судың жұмсалуды және сарқын суларды қайтаруды есептеу үшін стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі уәкілетті органдар рұқсат еткен құралдар пайдаланылады.

Орнатылған есептеу құралының техникалық құжаттамасы есептеу құралы орнатылған сумен қамту жүйесінің иесіне беріледі.

50. Есептеу құралдарын орнату, күтіп-ұстау, пайдалану, есептеу құралдарын тексеру тәртібі, оны ауыстыру мерзімі мен уақытын белгілеу Қазақстан Республикасының "Біріңғай өлшемдерді қамтамасыз ету туралы" заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Есептеу құралына өтетін жер ашық, бос болғаны дұрыс. Судың жұмсалуды есептеу құралдары ауаның температурасы + 5С төмен емес табиғи немесе жасанды жарықтандырылған бөлмеде орнатылуы керек.

Судың жұмсалуды есептеу құралдары орналастырылған үй-жай және инженерлік құдықтар, су басқан жағдайда материалдық құндылықтардың бүлінуін болдырмас үшін, бүлінуі мүмкін материалдық құндылықтар сақталатын жерден сенімді түрде оқшау тұруы керек.

51. Заңды тұлға болып табылатын тұтынушы суды пайдалану келісім-шартында үй-жайды күтіп - ұстауға, торап жабдықтарының сақталуына, судың жұмсалуды есептеу құралындағы және орағытпа желінің ысырмасындағы пломбаның тұтастығына, сыртқы есіктің кілті сақталатын орнынға жауапты лауазымды тұлғаны анықтап көрсетеді.

52. Су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы тексеру өткізгеннен кейін, тұтынушының қарамағындағы судың жұмсалуды есептеу құралын тексеруге келесі жағдайларда жазбаша нұсқау жіберу арқылы бастама жасай алады:

- 1) төлқұжатта тексеру жүргізгені туралы белгі болмағанда;
- 2) тексеру аралық мерзімнің жартысынан аса уақыт ішінде пайдаланбай сақтаудан кейін есептеу құралын орнату жағдайында;

3) су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы немесе тұтынушы есептеу құралы көрсеткіштерінің дұрыстығына негізделген күмән келтірген жағдайда;

4) мемлекеттік салыстырудан өткен пломба бұзылған жағдайда.

53. Су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымы тұтынушы судың жұмсалуды есептеу құралынан жазып алған көрсеткіштердің және судың жұмсалуды туралы өзіне берілген мәліметтердің дұрыстығына жүйелі түрде бақылау жасап отырады.

54. Су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының өкілі судың жұмсалуды есептеу құралынан көрсеткіштерді жазып алу кезінде есептеу құралында және суөлшеуіш тораптың орағытпа желісінде орнатылған ысырмада, сонымен қатар тұтынушының аумағында орналасқан гидранттар немесе оның қарамағындағы барлық басқа да су құбыры құрылғыларында пломбаның болуы мен бүтіндігін тексереді.

Судың жұмсалуды есептеу құралын алу немесе ауыстыру бойынша су құбырларында және канализация желілерінде, құрылыстар мен құрылғыларда жұмыс істеу үшін су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы өкілінің қызметтік куәлігі болуы керек. Аталған құжаттарды көрсетпесе тұтынушы тексеруге және суөлшеуіш тораптарда, судың жұмсалуды есептеу құралдарында, су құбыры және канализация желілерінде, құрылыстар мен құрылғыларда қандай - да бір жұмыс жүргізуге рұқсат бермеуі керек.

55. Тұтынушы су құбыры және канализация шаруашылығы ұйымының өкілдеріне көрсеткіштерді алу үшін пломбаланған ысырмаға және судың жұмсалуды есептеу құралына қолжетімділікті қамтамасыз етпеген жағдайда су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының өкілі және тиісті аумақтағы жергілікті өзін өзі басқару комитетінің өкілі қол қойған акті жасалып, сол актінің негізінде сумен жабдықтау жүйесінен ажырату жүргізіледі.

Ескерту. 55 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

56. Су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының өкілі судың жұмсалуды есептеу құралдарының көрсеткіштерін бұрмалаушы бұйымдарды айқындаған жағдайда суды тұтыну және ағызу көлемдерін есептеу соңғы тексеру жүргізген уақыттан бастап жүргізіледі, бірақ бір жылдан артық уақыт болмауы шарт.

57. Тұтынушы шығындаған судың мөлшері суды жұмсауды есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша анықталуы керек. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органдар белгілеген шектердегі суды жұмсауды есептеу құралдарының көрсеткіштеріндегі қателіктер сумен жабдықтау қызметі үшін төлемдерге қайта есептеулер жүргізуге негіз болып табылмайды.

Көшпелі техникалы өрт деполарының ғимараттарында өрт автоцистерналарына құюға пайдаланылатын ауыз судың мөлшері су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымымен есеп айырысу кезінде есепке алынбайды.

Өрт сөндіруге арналған суды жұмсау бекітілген Қазақстан Республикасының 4.01. - 02-2001 санитарлық нормалар және ережелеріне сәйкес есептеліп, су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымының жеке қажеттілік шығындарына е н г і з і л е д і .

58. Су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымдарында орнатылған есептеу құралдарының жұмысына қатысты негізделген күмән орын алған жағдайда және заңды тұлғалар мен кондоминиум нысандары қатарындағы тұтынушылардан алынған суды бақылау мақсатында су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымы тұтынушының су жүйесіне бақылаушы есептеу құралдарын орнатады, оның дәлдік класы бұрын орнатылған құралдардан төмен б о л м а у ы к е р е к .

Бақылау құралдарының жұмыс істеу ұзақтығын 15 күннен кешіктірмей су құбыры - канализация шаруашылығы ұйымы белгілейді. Төлемдерді есептеу үшін көрсеткіштердегі айырмашылықтарды айқындау жағдайында су өтімін есептеуді бақылау құралдарының көрсеткіштері қабылданып, айқындалған ақаулы есептеу құралын ауыстыруға нұсқау беріледі.

59. **Ескерту. 59 тармақ алынып тасталды - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.**

60. Қаланың су жабдықтау жүйесінде бірнеше су көздері бар тұтынушылар су құбыр-кәріз шаруашылығы ұйымының кәріз желілерінің кәріз құбырларына суды ағызу мүмкіндігі болғандықтан, сондай-ақ басқа су көздерінің сумен жабдықтау жүйелерінде су есептегіш приборлары мен су есептегіш құралдарын орнатады. Су есептегіш құралдарының негізінде су құбыр-кәріз шаруашылығы ұйымы қабылдаған судың жалпы көлемі белгіленеді.

Ескерту. 60 тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

61. Нысандарды уақытша сұлба бойынша сумен қамтамасыз ету кезінде 114-121 тармақтарда көзделген жағдайларда және су шығынын есептеу құралдары болмағанда жұмсалған және ағызылған судың көлемі, су үшін есептеулер тәртібі тұтынушы және су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымының арасында жасалған шарт бойынша анықталады.

62. Технологиялық есептеулерге сәйкес табиғи су айдындарын толтыруға және үй жанындағы жер телімдерін суаруға жұмсалатын су ағызылған сарқын сулар үшін есептеулер кезінде есепке алынбайды.

63. Суды тұтыну мен суды қайтарудың лимиттерін су құбыры- канализация шаруашылығы ұйымымен келісілгеннен кейін келесі жағдайларды:

- 1) тұтынушының суды тұтыну мен суды қайтару теңгерімін;
- 2) тұтынушының ауыз суды ұтымды пайдалану, ағынды сулар мен ластаушы заттарды жіберуді азайту жөнінде шаралар жүргізуін ескере отырып, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғалар анықтайды.

64. Егер тұтынушыға іс жүзінде берілген ауыз су мен қабылданатын сарқын сулардың көлемі алынған ауыз су және (немесе) ағызылған сарқын сулардың лимиттерінен асып кеткен жағдайларда, заңды тұлғалар суды лимиттен тыс тұтыну мен ағызуды тоқтатып, 30 күн ішінде суды тұтыну мен ағызуды белгіленген нормаларға сәйкестендіреді.

Ескерту. 64 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

65. Ауыз судың сапасына зертханалық бақылау жасауды су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етеді.

7 Тарау. Тұтынушылардың су құбыры және канализация жүйелерін пайдалануын тоқтату шарттары

66. Егер қызмет көрсетуші мен тұтынушының арасында жасалған шартта басқаша реті көрсетілмеген жағдайларда су беру және сарқын суларды қабылдау ү з д і к с і з жү р г і з і л е д і .

67. Тұтынушыға су беруді шектеу, сондай - ақ су босату режимін реттеу қызмет көрсетуші мен тұтынушының арасында жасалған шартта қарастырылған тәртіпте жүргізіледі, осы ереженің 68 және 69 тармақтарында көрсетілген жағдайлардан басқа.

68. Қызмет көрсетуші жергілікті атқарушы органдардың келісімінсіз тиісті түрде заңды тұлға болып табылатын тұтынушыға алдын ала 3 күн бұрын ескертіп, егер ол басқа тұтынушылардың сумен қамтамасыз ету және канализация сапасына мына жағдайларда әсер етпесе су беру және сарқын суларды қабылдауды толығымен немесе жарым - жартылай тоқтата алады:

- 1) тұтынушының қарамағында және қызмет көрсетуінде болып табылатын су құбыры және канализациялық желілердің, құрылыстар мен құрылыстардың қанағаттанарлықсыз техникалық күйі және тұтынушы қабылдаған техникалық пайдаланудың кемшіліктерін жою бойынша қызмет көрсетушінің талаптарын орындамағанда ;

- 2) құрылысқа техникалық шарттарды және белгіленген мерзімде сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерінің құрылыстары мен желілерін ауыстыру, қайта құру және дамыту бойынша қызмет көрсетушінің алдындағы міндеттерін орындамағанда немесе тиісті деңгейде орындамағанда;

3) қызмет көрсетушінің тұтынушыға қосылған су құбыры және канализациялық желілерге, құрылғыларға қызмет көрсету бойынша жоспарлы - алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сондай - ақ жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жұмыстар жүргізгенде;

4) тұтынушының шаруашылық қарамағында және қызмет көрсетуінде болып табылатын сумен қамтамасыз ету және канализация желілеріне, жүйелеріне тұтынушыны өз бетімен қосу, қызмет көрсетушімен келісім-шарт жасамаған немесе келісім-шартты ұзартпаған жағдайлар айқындалғанда;

5) Мемлекеттік өртке қарсы қызмет көрсетудің, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық органдарының нұсқауын алғанда;

6) құбырларды залалсыздандыру қажет болғанда;

7) сумен қамтамасыз ету және сарқын суларды ағызу бойынша қызмет көрсету келісім-шартында, Осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік - құқықтық актілерінде көзделген басқа жағдайларда.

Жылу беру маусымы кезінде сумен қамтамасыз етудің резервтік көздері болмаған жағдайында жылумен қамтамасыз ету көздеріне (жылыту қазандықтары, жылуды қосудың тәуелсіз сұлбасымен орталық жылу пункттері) су беруді тоқтатуға болмайды.

69. Қызмет көрсетуші мына жағдайларда тұтынушыға алдын ала ескертусіз су беру және сарқын суларды қабылдауды толығымен немесе жарым - жартылай тоқтата алады:

1) қызмет көрсетушінің энергиямен қамтамасыз етілуі апаттық тоқтатылғанда;

2) апаттарда, соның ішінде су көзіндегі су сапасы, яғни оған ластаушы және уландырғыш заттардың концентрациясы түсу салдарынан күрт нашарлағанда;

3) сумен қамтамасыз ету және (немесе) су ағызу желілері мен құрылыстарындағы апаттар кезінде;

4) өрт шыққан жерлерге су беруді ұлғайту қажет болған жағдайларда;

5) судың қанағаттанарлықсыз зертханалық талдауларын тіркегенде.

70. Үздіксіз өндіріс технологиясында жұмыс істейтін тұтынушыда судың тәуелсіздік қоры болуы керек.

71. Апаттар, желілерді су басу және су көзіндегі су сапасының нашарлау жағдайлары тиісті журналда тіркеледі. Ол туралы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет көрсету, санитарлық-эпидемиологиялық бақылаудың жергілікті органдары дереу хабардар етіледі.

72. Елді мекендерде немесе оның жекелеген аудандарында су беруді толығымен тоқтатқан жағдайда, оны туындатқан себептерге байланыссыз, қызмет көрсетуші жергілікті атқарушы органдар өткізген шараларда

тұрғындарды уақытша сумен қамтамасыз етуден бастап, тұрақты сұлба бойынша су беруді қалпына келтіру сәтіне дейін ұйымдастыру жөніндегі мәселені шешеді.

73. Қызмет көрсетуші сыртқы немесе ішкі өртке қарсы су құбыры бар нысанға су беруді толығымен немесе жарым - жартылай тоқтатқан әрбір жағдай туралы аудандық өрт бөлімін хабардар етуі керек.

8 Тарау. Ішкі су құбыры жүйелерін күтіп ұстау

74. Тұтынушы ішкі су құбыры жүйелерінің, арматуралардың (су тарататын шүмектердің, шұралардың, қоспалағыштардың, ысырмалардың, клапандардың) және олардың санитарлық - техникалық құрылғыларының (қолжуғыштардың, ванналардың, раковиналардың, шаю күбілерінің) күйін қадағалауға және судың ысырабы болған жағдайда дереу оны жою шараларын қабылдайды.

Ескерту. 74 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

75. Қызмет көрсетуші тұтынушымен бірлесіп, ішкі су құбыры желілері мен арматуралардың техникалық күйіне іріктеу бақылауын жүргізіп, осы жөнінде акт ж а с а й д ы .

76. Тұтынушының су құбыры желілерінен судың ысырап болуы айқындалған жағдайда, қызмет көрсетушінің өкілі тұтынушының қатысуымен, не болмаса оның қатысуынсыз, кейін тұтынушыны бір тәулік ішінде хабардар етіп, судың ысырап болуы жөнінде акт жасалады.

Қызмет көрсетуші дереу қосымша ескертусіз тұтынушыны сумен қамтамасыз етуді тоқтатуға құқығы бар.

Қызмет көрсетуші су құбыры-канализациялық жүйеден судың кетуін жойғаннан кейін тұтынушыны сумен қамтамасыз етуді қалпына келтіреді.

77. Су құбыры желілеріндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен судың ысырап болуы салдарынан бұзылған құрылыстарды, жолдар мен көріктендіру элементтерін (жолдар, жаяу жүргінші жолдары, жасыл желектер, балалар алаңшалары және басқаларын) қалпына келтіру теңгерімінде аталмыш су құбыры желілері тұрған қызмет көрсетушінің есебінен жүргізіледі.

78. Тұтынушы ауыз суды тек техникалық талаптармен қарастырылған мақсаттарға ғана пайдалануы және судың өндіріссіз шығын туғызатын себептерді жоюға арналған қажетті шараларды қабылдауы керек. Желілердегі судың ысырап болуының әрбір фактісі суды ұтымсыз пайдалану болып табылады .

Ескерту. 78 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

79. Тұтынушының желілеріндегі судың ысырап болуы айқындалғанда,

кірмеде су өтімін есептеу құралы болмаған немесе ол тұтынушының кесірінен жұмыс істемеген жағдайларда, қызмет көрсетуші су шығынын кірме құбырының толық өткізу қабілеті бойынша есептейді.

Есептеу су ысырабының іс жүзіндегі уақыты мен оны жойған күн аралығы бойынша жүргізіледі.

80. Судың ысырап болуы актімен рәсімделеді. Тұтынушының аталған актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, актіге "актіге қол қоюдан бас тартты" деген белгімен су құбыры-канализация шаруашылығының екі өкілімен біртараптық тәртіпте қол қойылады.

81. Тұрғын үйдегі су шығынының немесе судың ысырап болуының, ұтымсыз пайдалану салдарлары тұтынушыға қатысты және солардың есебінен жабылады.

82. Жаңадан салынған су құбыры желілері мен құрылыстардағы судың ысырап болуын жоюмен байланысты шығындар (яғни оларды мемлекеттік қабылдаудан кейін пайдаланудың кепілдік мерзімі кезеңінде құрылыста жасырын ақау нәтижесінде пайда болған) құрылыс жүргізген ұйымға тиесілі болады.

83. Коммуналдық су құбырының ауыз суын тікелей нүктелі сұлба бойынша кез келген жабдықтарды салқындату үшін пайдалануға жіберілмейді (технологиялық үдерістермен себепші болған жағдайлардан басқа). Осы мақсатта сумен қайтара қамтамасыз ету жүйесін пайдалану керек.

Ескерту. 83 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

9 Тарау. Су құбыры мен канализация жүйелерін пайдалану және жөндеу

84. Қалалық желілерге қосу нүктесіне дейінгі су құбыры мен канализацияның сыртқы желілерін, қызмет көрсетушінің теңгеріміне берілмеген қосу нүктесіндегі құдықтармен қоса тұтынушының есебінен пайдаланылады (қызмет көрсетіледі, жөнделеді, судың ысырап болуы мен апаттары жойылады).

Егер тұтынушының желісіне субтұтынушы қосылатын болса, онда пайдаланылған шығындар тұтынылған сумен және (немесе) жіберілетін ағындылар мөлшеріне пропорционалды бөлінеді.

85. Тұтынушыда сәулет және қала құрылысы органдары жасаған сыртқы желілердің орындау сұлбалары немесе ғимараттың ішіне орналастырылған су құбыры мен канализация жүйелерінің арматураларды, санитарлық құрылғыларды, су өлшеуіш тораптар мен басқа құрылғылар мен жабдықтардың орналастыру орны, құбырларының диаметрі белгіленген жұмыс сызбалары болуы керек. Өзінің су құбыры және канализация желілерінің сұлбасы немесе

жұмыс сызбасы жоқ тұтынушы қызмет көрсетушімен келісілген мерзімде инвентаризациялық сызбаларды орындауы керек. Қызмет көрсетушімен келісілген өзгерістер енгізілген белгіленген жобаның сызбалары орындау сызбалары болып табылады, оның бір данасы қызмет көрсетушіде болуы керек.

86. Қызмет көрсетуші бақылау жүргізуге және тұтынушыдан өзінің теңгеріміндегі су құбыры және канализация желілері мен жүйелерін техникалық пайдалану ережелерін міндетті түрде орындалуын талап ете алады.

87. Иінге судың үнемі ағып тұруы үшін ішкі су құбыры жүйесіндегі крандарды ашып қоюға рұқсат етілмейді. Көрсетілген факті айқындалған және тұтынушыда су шығынын есептеу құралы болмаған жағдайда сумен қамтамасыз ету және сарқын суларды қабылдау қызметі үшін есептеулер кірменің толық өткізу қабілеті және оның 2 айдан аспайтын тәулік бойы қозғалысы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 87 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

88. Пайдалану жауапкершілігінің бөліну шегінде тұтынушы немесе желілерді пайдалануға оның уәкілетті тұлғасы қысқы кезеңге ішкі желілерді, өртке қарсы жүйелерді, жабдықтарды, арматуралар мен суөлшеуіш тораптарды даярлауды жүзеге асырады.

Тұтынушы қысқы маусымға даярлық барысында төмендегілерді жасауы керек:

1) барлық ашық және жасырын күйдегі судың ысырап болуын жоюға;
2) құбырлар мен жабдықтардың апаттық учаскелерін ауыстыруға немесе жөндеуге;

3) жазғы кезеңге арнап орнатылған барлық уақытша су құбыры желілерін ажыратып тастауға;

4) суөлшеуіш торап пен су есептеу құралдарына құбыр жеткізгішін қатып қалудан қорғауға, бұл жағдайда есептеу құралының көрсеткіштерін кедергісіз алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

5) су құбырлары тартылған суық үй-жайды жылулық оқшаулауға, терезенің әйнегін салуға, есіктерді жөндеп, олардың нығыздап жабылуын қамтамсыз етуге;

6) құбырлар тартылған баспалдақ алаңшаларында жылу жүйесін, есіктерді жөндеуге, ал жылу жоқ жерде су құбырларын жеткілікті жылулық оқшаулауға;

7) шатырларға тартылған су құбырлары бактары мен құбырларды мықтап жылылауға;

8) су өлшеуіш камералардың қақпақтарын жылылауға немесе қосарлы люктер құрылғысын қамтамсыз етуге;

9) өрт гидранттарын жылылауды және олардың орнатылған жерін Қазақстан

Республикасының аумағында қолданылып жүрген ведомствоаралық нормативтік - техникалық құжаттармен сәйкестікте жарық нұсқағыштармен қамтамасыз етуге ;

10) ғимараттардың ішкі канализация құбырларының түйіспесінің саңылаусыз болуын тексеру, тығыздалмаған жерлерін тығыздау, суық жерлер мен үй-жайларда пайдаланылатын құбырларды жылылауға.

Ескерту. 88 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

89. Пайдалану жауапкершілігінің шегіндегі ішкі желілер қысқы маусымға даярланбай, соның салдарынан қатып қалса, тұтынушы жауап береді.

Аяздан бүлінген немесе қатып қалған желілерді, су өтімін есептеу құралдарын, су құбыры кірмесіндегі жапқыш жабдықтарды (арматураларды) жылыту кезінде күйіп кетсе, су ысырабы үшін есептеу немесе кем есептеу су құбыры-канализация шаруашылығы ұйымы өкілдерінің соңғы тексеру күнінен бастап, 2 айдан аспайтын кезең үшін кірменің толық өткізу қабілеті бойынша жүргізіледі.

90. Тұтынушы су құбыры-канализация шаруашылығы өкілдеріне су құбыры-канализация шаруашылығының шаруашылық жүргізуінде болып табылатын және тұтынушының аумағы бойынша өтетін транзиттік су құбыры мен канализация желілерінде, коллекторларда пайдалану жұмыстарын жүргізіп-тексеруге кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

10 Тарау. Су құбыры және канализация жүйелерін қорғау

91. Тұтынушылар өзінің қарамағындағы су құбыры және канализация жабдықтарының (құбырлар, су есептеу құралы, қақпақтар (люк), құдықтар, жапқыш жабдықтар (арматуралар), торлар, сілтеме табличкалар, гидранттар және т. б.) бүтіндігін қамтамасыз етуге, олардың сынуына, су басуына, аяздан қатып қалуына жол бермеуге, орнатылған пломбалардың сақталуына, құдықтардан жер үсті суларын ағызып жіберуді қамтамасыз етуі керек.

92. Тұтынушы көшелік желілер мен үй кірмесіндегі су құбыры және канализациялық құрылыстардағы сынған жерлерді немесе ақаулықтарды (құдықтардың қақпақтарының сынуы, құдықтардың немесе оның қасындағы топырақтың құлауы, құдықтардан немесе жерден судың ағуы) айқындаған жағдайда дереу жөндеу бригадасы келгенге дейін қауіпті жерді қоршау шараларын қолданып, бұл жөнінде қызмет көрсетушіге құлақтандыруы керек.

Ескерту. 92 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

93. Мыналар рұқсат етілмейді:

1) су құбыры және канализациялық желілер мен құрылыстардың үстіне әртүрлі материалдар мен заттар жинап қоюға, қоқыс үюге;

2) су құбыры және канализациялық желілер мен құрылыстардың үстіне кез - келген құрылыс салуға ;

3) қызмет көрсетушінің келісімінсіз су құбыры және канализациялық желілерде жұмыстар істеуге, қызмет көрсетушіге тиісті ысырмаларды реттеуге.

Мұндай кемшіліктерге жол берген тұлға қызмет көрсетушінің талабы бойынша кемшіліктердің салдарларын дереу жояды.

94. Су құбыры және канализациялық құрылыстарды бүлдірген заңды немесе жеке тұлға бұл жөнінде дереу қызмет көрсетушіге жедел хабарлайды, қызмет көрсетушінің техникалық бақылауымен өз есебінен бүлінген жерді жөндеуге, қызмет көрсетушіге бүлінумен туындаған шығындарды, соның ішінде бүліну нәтижесінде ысырап болған судың көлемінің құнын (бүлінген сәттен бастап, ажыратып тастау сәтіне дейінгі уақыт ішіндегі бүлінген су құбырының қимасы бойынша есептеледі) және бүлінген жерді залалсыздандыру құнын төлеуге, сондай-ақ сарқын сулармен қоршаған ортаны ластаған зияндылығын өтейді.

Ескерту. 94 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

95. Жолдарды немесе жаяу жолдарды салу не болмаса жөндеу кезінде жұмыс белдеуіне тура келетін қолданыстағы құдықтардың мойнын көтеру жұмыстарын тапсырысшының қаржысының есебінен мердігерлік жол - құрылыс ұйымдары жүргізеді .

Жол жабындыларын пайдалануға қабылдау кезінде су құбыры және канализациялық құдықтардың қақпақтарының күйіне бақылау жасау үшін комиссия құрамына қызмет көрсетуші мен өртке қарсы қызмет көрсетуші өкілі кіреді .

96. Сарқын сулармен немесе өнеркәсіп, ауыл шаруашылық өндірісінің қалдықтарымен жекелеген ұнғымаларды, арнаулы құралдармен белгіленген ауыз су суіркіштерді және қоршаған ортаны ластаушы заңды немесе жеке тұлғалар:

1) қызмет көрсетушіге келтірген шығынды өтейді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік артады.

97. Су құбырының немесе канализацияның талан - таражға түсіп, қиратылуына канализациялық және су құбыры құдықтардың ластануына, құдықтарға қоқыс пен қалдықтардың тасталуына, желілердің жұмысының бұзылуына, апаттық жағдайларға әкелуші басқа әрекеттерге кінәлі заңды немесе физикалық тұлғалар қолданыстағы заңға сәйкес жауапкершілікке тартылып, өз есебінен желілерді қалпына келтіріп, апатты жағдайларды жояды.

98. Есептеу құралдарына дейін қосылған өрт гидранттары мен крандарды қызмет көрсетуші пломбалауы керек. Тұтынушы пломбаның сақталуын

қамтамасыз етеді. Ішкі өрт қрандарының жәшіктері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген ведомствоаралық нормативтік - техникалық құжаттармен сәйкестікте сырлануы керек.

99. Сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелерінің құрылыстарына апатты зиян келтіруші немесе ластаушы уытты заттарды ағызуға жол берген заңды және жеке тұлғалар:

1) дереу бұл жөнінде қызмет көрсетушіге және мемлекеттік өртке қарсы қызмет көрсету, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті органдарына хабарлауы;

2) бүлінулерді және оның салдарларын өз күшімен немесе өз есебінен қызмет көрсетушінің техникалық бақылауымен басқа мамандандырылған ұйымдармен күшімен жоюы;

3) осы бүлінулер мен оның салдарларымен байланысты туындаған шығындарды өтеуі керек.

Ескерту. 99 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

11 Тарау. Сумен қамтамасыз ету және су жіберудің арнаулы және уақытша құрылғылары 11.1. Өртке қарсы құрал- жабдықтар құрылғысы

100. Өртке қарсы ішкі су құбырларының құрылғысы құрылыс нормалары мен ережелеріне және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген басқа нормативтік және техникалық құжаттамаларға сәйкес келуі керек.

101. Өртке қарсы құрылғысы бар ішкі су құбырының әрбір жобасы қызмет көрсетушіге көрсетілмес бұрын мемлекеттік өртке қарсы қызмет көрсету ұйымдарымен бекітілуі керек.

102. Тұтынушының суөлшеуіш торабында орағытпа желінің болған жағдайында ондағы жапқыш арматура қызмет көрсетушінің өкілімен жабық күйінде пломбланады. Тұтынушы пломбаның бүтіндігіне жауап береді.

103. Өртке қарсы қауіпсіздік мақсатымен суөлшеуіш тораптың артына тұтынушының желілеріне қоса отырып, өрт сорғыларын орнатуға рұқсат етіледі.

Әдетте өрт сорғылары пломбалануы керек өрт құрсаулы ысырмамен бір бөлмеде орнатылады.

Ескерту. 103 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

104. Шаруашылық қажеттілік үшін ортақ сутартқыштан қоректенетін жеке өртке қарсы жүйеден шығатын суды пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 104 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының

2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

105. Егер қызмет көрсетушінің өкілі өрт жүйесінен суды өз бетімен пайдаланған жағдайды анықтаса бұл жөнінде акт жасалып, суға аталмыш нысанды соңғы тексерген күннен бастап, су құбыры кірмесінің толық өткізу қабілеттілігі бойынша есептеу жүргізіледі.

106. Тұтынушының өрт гидранттарын мемлекеттік өртке қарсы қызмет көрсету ұйымдарымен бір мезетте, қызмет көрсетушінің немесе тұтынушының өкілдерімен жылына үш рет Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген ведомствоаралық нормативтік - техникалық құжаттармен сәйкес тексеру жүргізіледі.

Ғимараттар мен құрылыстардағы өрт жүйелерінің ақаусыздығын тексеру және өрт сорғыларына сынау жүргізу туралы тұтынушы қызмет көрсетушіге 3 күн ішінде хабарлауы керек.

Өрт гидранттарын немес шүмектерін жоспарлы тексеруге пайдаланылған судың көлемі судың техникалық шығын нормаларының есебіне, ал жұмсалған шығындар сумен қамтамасыз ету қызметінің тарифына енгізіледі.

Ескерту. 106 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

107. Қызмет көрсетушінің келісімінсіз тұтынушыға жапқыш арматурадан пломбаны алуға жол берілмейді.

Пломбаланған ысырмалардан, өрт гидранттары мен шүмектерден пломбаны алуға келесі жағдайларда рұқсат етіледі:

- 1) қызмет көрсетушімен келісілгеннен кейін өрт сорғыларын сынау және сумен қамтамасыз етудің өртке қарсы жүйесінің жұмысын тексергенде;
- 2) қызмет көрсетушіге алдын - ала ескертпей, өрт сөндіру кезінде.

Ескерту. 107 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

108. Тұтынушының желілерінде тұрған өрт сөндіру жүйелерін жөндеу және ақаусыз күтіп ұстау тұтынушының күшімен және соның қаржысымен жүргізіледі.

109. Өрт гидранттарынан көшелерді, алаңдар мен жасыл желектерді суаруға жол берілмейді.

Ескерту. 109 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

11.2. Көшелік сутаратқыштар

110. Көшелік сутаратқыштар (шүмектер) ұжымдық пайдалануға арналған. Оларды орнататын жерлерді қызмет көрсетуші техникалық нормалармен

сәйкестікте анықтайды, тиісті аумақтағы санитарлық - эпидемиологиялық қызмет көрсетудің мемлекеттік органының санитарлық - эпидемиологиялық қорытындысын алғаннан кейін сәулет және қала құрылысы уәкілетті органымен к е л і с і л е д і .

111. Су таратқыштарда кір жууға, машина, ыдыс аяқ жууға, үй жануарларын суаруға, су тарататын шүмектерге құбырлар мен түтікшелер қосуға, сондай - ақ санитарлық талаптарға қайшы келетін басқа әрекеттер жасауға рұқсат етілмейді.

Үй жанындағы телімдерді, гүлзарларды, жолдарды, тротуарларды суару үшін шлангтерді пайдалану фактісі анықталған жағдайда заң бұзушы бір ай үшін иілімді шлангінің қимасы бойынша су шығынын төлейді.

112. Су таратқыштарды пайдалану және жөндеу жұмыстарын теңгерімінде осы сутаратқыштар тұрған қызмет көрсетуші немесе тұтынушы жүзеге асырады.

113. Сутаратқыштардың иелері мыналарды жасауы керек:

- 1) оларды пайдалануға мүмкіндік беруге;
- 2) сутаратқыштардың техникалық күйін, олардың бөлшектерінің ақаусыздығын, санитарлық талаптардың сақталуын қадағалауға;
- 3) судың мақсатсыз төгілуіне, шалшықтың түзілуіне және мұздың қатуына ж о л б е р м е у г е ;
- 4) суағындылар мен сутаратқыштарды ақаусыз күтіп - ұстауға.

Ескерту. 113 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2010.04.12 N 318 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

11.3. Су құбыры желілері мен уақытша су жіберу желілерінен тарайтын уақытша тармақшалар құрылғысы

114. Қызмет көрсетушінің желілеріне уақытша су құбыры желілерін қосу қызмет көрсетушінің рұқсатымен және санитарлық - эпидемиологиялық талаптарды орындаумен жүргізіледі. Уақытша су құбыры желілеріне есептеу құралдарын орнатудың мақсатқа лайықтылығы қызмет көрсетушінің әрбір жеке жағдайында анықталады. Уақытша су құбыры желілері тұтынушының есебінен салынып, күтіп - ұсталатын болады және қызмет көрсетушінің теңгеріміне қ а б ы л д а н б а й д ы .

115. Қызмет көрсетуші уақытша су құбыры және канализацияны 1 жылға п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т б е р е д і .

116. Құрылыс алаңдарының, бақтардың, гүлбақтардың, сусын сататын дүңгіршектердің және осыған ұқсас нысандардың уақытша су пайдалануы үшін қызмет көрсетушінің су құбыры желілері, сонымен қатар санитарлық - эпидемиологиялық талаптарды міндетті түрде сақтаумен тұтынушының желілері п а й д а л а н ы л а д ы .

117. Уақытша су құбыры желілерін су таратқыш колонкалардың тұғырлары мен өрт гидранттарына қосуға болмайды.

118. Егер қызмет көрсетушінің рұқсатымен тұтынушының есептеу құралына дейін желіге қосылу орын алса, онда тармаққа өзінің есептеу құралын орнату керек. Су өтімін есептеу құралы болмаған жағдайда, рұқсат алған уақыттан бастап, бірақ екі айдан аспауы керек, тармақтың өткізу қабілетін ескере отырып е с е п т е л е д і .

119. Уақытша су есептеу құралдарын орнату осы Ережелерге сәйкес негізгі есептеу құралын орнатуға ұқсас жүргізіледі.

120. Өрт сөндіру үшін пайдаланылуы мүмкін су құбыры желілерінен уақытша тармақтарды тарту жағдайларында, міндетті түрде жапқыш шұраны орнатып барып қосады, тұтынушы бұл жөнінде мемлекеттік өртке қарсы органдарды ескертуге міндетті.

121. Ғимараттардан тыс су құбыры желілері санитарлық - гигиеналық талаптарды сақтай отырып төселуі керек. Жазғы су құбырларына арналған құбырлардың ашық төсемі тек асфальтталған жаяу жүргіншілер жолына ғана рұқсат етіледі. Көшелік науалар мен кюветтерге құбырлар төсеуге рұқсат етілмейді.